



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ тілі білімі кафедрасы
Мамаева Гүлнар Бейсенқызы
Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор




**Пән атауы: «Қазіргі қазақ тілінің
морфологиясы және сөзжасамы»**




**Дәріс тақырыбы: Сан есім, лексика -
грамматикалық сипаты**





Қарастырылатын мәселелер:

- Сан есімнің лексика – грамматикалық сипаты;
 - Сан есімнің морфологиялық ерекшеліктері;
 - Сан есімнің жеке топтары.
- 




Қазіргі қазақ тіліндегі **сан есімдер**, негізінде белгілі бір заттық ұғымдар мен құбылыстардың санын, ретін, мөлшер шамасын білдіру үшін, соларды айқындай үшін қолданылады.







Сан есімдер жалпы алғанда, сандық ұғымды білдіретін сөздер болғанмен, олар іштей бір жағынан белгілі бір заттың **нақтылы сандық мөлшерін** білдірсе, екінші жағынан **санның абстракты атауы** болып қызмет етеді.


Мысалы: *Домбырамды қағайын, Он бір перне, екі шек Әшекейлеп тағайын (К. Әзірбаев); он бірге екіні қосса - он үш болады.*







Сан есімдердің **морфологиялық жағынан түрлену жүйесі** де біркелкі емес, әркелкі болып келеді. *Мысалы*, сөз түрлендіруші қосымшаларды қабылдау жүйесі жөнінен есептік, жинақтық сан есімдер абстракты сан атаулары дәрежесінде қолданылатын сөздер болғандықтан септік, тәуелдік, жіктік жалғауларын қабылдай алса, өзге сан есімдер тек субстантивтенген жағдайда ғана өзгеріске түседі.







Құрылысы жағынан да сан есімдер біркелкі болып келе бермейді. Егер есептік, реттік, топтық, болжалдық сан есімдер **дара түрде де , күрделі түрде де** кездесетін болса, жинақтық сан есімдер тек **дара түрде** қолданылады, ал бөлшектік сан есімдер тек **күрделі формада** ғана жұмсалады.






Дара сан есімдер		Күрделі сан есімдер
Негізгі	Туынды	Іштей негізгі және туынды дара сан есімдердің өз ара тіркесуі және қосарлана айтылуы арқылы жасалады.
<i>бір, екі, үш, төрт, т.б.</i>	<i>бірінші, бірер, екеу, т.б.</i>	<i>он бір, жиырма үш, отыз бес, бесеу-алтау, бес-алтыдан, т.б.</i>







Күрделі сандардың құрамындағы сан есімдердің өзара тіпкесуінде ерекше көзге түсетін бір амал бар. Ол күрделі сан есімдер құрамындағы сандардың өзара қатынастарының бір біріне я қосылмалы, я көбейтімелі жолмен келуі.

Мысалы, *он + бес (он бес), отыз + екі (отыз екі), бес X жүз (бес жүз), екі X мың (екі мың), т.б.*





Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдердің ішінде *алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан* сөздерінің құрылыс жүйесі ерекше. Бұл сандар *алты, жеті, сегіз, тоғыз* сөздері мен ондық ұғымдағы *-пыс (-піс)* және *он* сөздерінің тіркесінен бірігіп пайда болған сөздер.



Есептік

Реттік

Жинақтық

Сан есімдер іштей мағыналық және морфологиялық өзіндік ерекшелігіне сәйкес

Топтық

Болжалдық

Бөлшектік



Есептік сан есімдер

Қазіргі қазақ тіліндегі есептік сан есімдер белгілі бір заттар мен құбылыстардың сандық мөлшерін немесе абстракты сандық ұғымды білдіру үшін қолданылады. Сол себепті есептік сан есімдер тілімізде бірде заттар мен құбылыстардың сан мөлшерін білдіру үшін жұмсалса, бірде санның өзінің ғана абстракты атауы есебінде қолданылады.

Мысалы: *Бұл кезде ұлы ақын жстырма тоғыз жаста еді. (Қаратаев)*

Кеше мен жалғыз өзім елу жеті машина астық түсірдім. (Нұршайықов)

Тілмаш бір, екі, бес, тоғыз деп барды да құдай ұрғандай тоқтап қалды. (Әуезов)



Есептік сан есімдер құрылысы

Дара есептік сандар


Бірлік, ондық сан атаулары мен *жүз, мың* сөздері жатады.

бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, жиырма, отыз, қырық, елу, алыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, мың.


Күрделі есептік сандар


Дара есептік сандардың өз ара алуан түрлі комбинацияланып тіркесе қолданылуы негізінде жасалған шексіз сандар ұғымы жатады.

Он бірден бастап дара есептік сандардан басқа барлық есептік сан ұғымдарын түгел қамтиды.




Субстантивтенген есептік сандар көптік те, септік те, тәуелдік, жіктік те жалғауларын қабылдай береді. **Мысалы:** *Тоқтар доллар айғайы, өшер залым, Орнар өмір тербеткен мыңдар жанын. (Саин) Жасы сол кездің өзінде қырықтан асқан болар. (Майлин) Тоқсанымыз жиылып, тоқты жыққан батырмыз.*





Есептік сан есімдер **өзге сөз таптарынан жасалмайды.**
Бірақ оның есесіне есептік сандардан **лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік** тәсілдер арқылы көптеген жаңа сөздер жасалған







Реттік сан есімдер


Қазіргі қазақ тіліндегі реттік сан есімдер белгілі бір заттар мен құбылыстардың орын тәртібі, реттік жүйесін белгілеу үшін қолданылады.


Мысалы: *Ұрысқа кіргеннің екінші күні еді. (Ахтанов)
Ералы сол полктың қарауында үшінші ротада солдат болып істепті. («Соң. Қаз.»)*






Реттік сан есімдер дара және күрделі есептік сан есімдерге **-ыншы/-інші, -ншы/-нші** қосымшасын қосып айту арқылы жасалған. Сол себепті құрылысы жағынан дара, күрделі болып келе береді. **Мысалы:** *Зейнегүл он жылдық мектептің сегізінші класында оқиды. (Мұқанов) Жер мен көкті сілкінтіп, он жетінші жыл келді. (Әзірбаев)*







Реттік сан есімдер, негізінде, заттар мен құбылыстардың орын тәртібін анықтау үшін қолданылатын сөздер болғанымен, сөйлемде қолданылу реттеріне қарай **субстантивтік мәнге** ие болуына байланысты әр түрлі сөз түрлендіруші грамматикалық формаларды қабылтайтын реттері бар.

Мысалы: *Бір оқу мазмұны біткен соң, екіншісіне көшу қолайлы. (Мұқанов) Екіншінің артынан үшінші болып Ашығораз, күреңін қуып барады. («Қамбар батыр») Мен біріншіні бітірдім; Ол төртіншіде оқиды. (Соқпақбаев)*






Реттік сандар сөйлемде қолданылу мақсаттарына қарай түбір тұлға немесе шығыс септік жалғауының консервацияланған түрінде тұрып **қыстырма сөздер** дәрежесінде қолданылады. **Мысалы:** *Бірінші, сіз ірі байлардың бірісіз. (Мүсірепов) Екіншіден, бергі жердің де жай-жапсары суреттелгенін көреміз. (Ғабдуллин) Үшіншіден, оны іздеп үйіне барудың ешбір қажеті жоқ. (Нұршайықов)*






Жинақтық сан есімдер


Қазіргі қазақ тіліндегі жинақтық сан есімдер белгілі бір заттар мен құбылыстардың сан мөлшерін жинақтап көрсету үшін және жинақтық абстракты сан ұғымдарын білдіру үшін қолданылады. **Мысалы:** *Барлық Совет халқының барар жолы, қояр мақсаты біреу. (Саин)*






Жинақтық сан есімдер, негізінде, жаңа сөз тудырушы бір ғана **-ау, -еу** қосымшасы арқылы бірден жетіге дейінгі есептік сан есім түбірлерден жасалады. **Мысалы:** *Аласыға алтау аз, Бересіге бесеу көп. (Мақал)*

Жинақтық сан есімдер мағына жағынан **субстантивтік қасиетті** болып келетін сөздер болғандықтан сөз түрлендіруші грамматикалық формалардың бәрін де қабылдай береді. **Мысалы:** *Екеуінің үйі қалаға көшкен, Үшеуінікі далаға көшкен. Берерменде бесеусің, Аларманда және алтау. (Абай)*




Топтық сан есімдер

Қазіргі қазақ тіліндегі топтық сан есімдер белгілі бір заттар мен құбылыстардың өз ара теңбе-тең сандық мөлшерін білдіру үшін қолданылады. **Мысалы:** *Ноғай байлары бестен, оннан солдат жатқызамыз деп жазылыпты. (Тайшықов) Курортшылар екі-екіден, үш-үштен қолтықтасып, өзен жағалап серуендейді. («Соң. Қаз.»)*



Топтық сан есімдер дара не күрделі есептік сан есімдер мен болжалдық сандарға **-дан/-ден, -тан/-тен, -нан/-нен** қосымшасын қосып айту арқылы жасалады. Бұл қосымша грамматикалық сөз түрлендіруші форма ретінде шығыс септігінің жалғауы болып танылғанымен, қазіргі қазақ тілінің нормасында ондай негізгі септік жалғау мағынасынан алшақтап, топтық мәнді сан есімдер қатарына, яғни морфологиялық-синтаксистік тәсіл арқылы сөз жасаушы қосымшалар қатарына ауысқан.



Топтық сан есімдердің -дан/-ден қосымшасы арқылы жасалуы

1	-дан/-ден қосымшасы дара және күрделі есептік сан есімдерге жалғанады.	<i>Оннан, жүзден қосақтап, Аямай-ақ қырады. (Байғанин)</i>
2	-дан/-ден қосымшасы қосарлана қолданылған сан есім сөздердің соңғы компоненттеріне жалғанады. Ондай қосарлы сөздер қайталама не қосарлама түрінде де кездесе береді.	<i>Күміс жапқан екі адалбақан екі-екіден бөлініп, екі босағаға жағын орнапты. (Мүсірепов) Көпір астындағы жүз жиырма жігітті қырық-қырықтан үшке бөлдім. (Момышұлы)</i>

Болжалдық сан есімдер

Қазіргі қазақ тіліндегі болжалды сан есімдер заттар мен құбылыстардың сан мөлшерін дәл, нақтылы түрде білдірмей, тұспалдап шамамен ғана көрсетеді. **Мысалы:** *Бұлттың бірер күннен бері аспанда торлай бастауына қарағанда, бүгін-ертең қар жауып кетуі мүмкін. (Мұқанов) Біз алты жүздей адамбыз. (Момышұлы) Сайдың әр жырасында ондаған жер үй бар. (Әбішев)*

Болжалдық сан есімдер, негізінде, есептік және қос сөзді болжалдық сан есімдерден сөз жасаудың **морфологиялық және синтаксистік жолдары** арқылы жасалады.


Морфологиялық тәсіл арқылы жасалған болжалдық сан есімдер

1	-ер жұрнағы арқылы болжалдық сандар тек бір есептік сан есімінен ғана жасалады.	<i>Жаңбыр толастай ма деп бірер күн жолға шықпай аялдап қарады. (Шашкин)</i>
2	-дай/-дей, -тай/-тей жұрнағы	<i>Жиырма жылда институтты жеті мыңдай адам бітірді. (Мұқанов) Екі-үш күндей күткізіп, Бір күні соқты іңірде. (Мұқанов)</i>


Ескерту. -дай/-дей, -тай/-тей жұрнағы, негізінде, сын есімнің -дай,-дей қсымшасымен тектес. Бірақ соған қарамай сан есім сөздерге қосылып айту дағдысында оның негізгі лексика-грамматикалық мағынасынан алшақтап, тұспалдық мәндерге ие болып, сандық ұғымдарды болжалды түрде көрсету дәрежесіне ауысқаны байқалады.

3	-даған/-деген, -таған/-теген жұрнағы негізінде көбіне ондық, жүздік, мыңдық сандар болып келеді.	<i>Он мыңдаған жапонның Қолдарын қойдай қуғанды. (Жамбыл) Тас көмір – бұдан екі жүз миллиондаған жылдар бұрын жер бетіне қаптап шыққан өсімдіктердің денелері. («Соң. Қаз.»)</i>
---	--------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Ескерту. -даған/-деген, -таған/-теген жұрнағы, негізінде -да және -ған сияқты етістіктің бұйрық рай, есімше түрлеріне тән қосымшалардан тұрады. Бірақ қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдерге қосылып қолданылуы оның ежелгі функцияларынан мүлде алшақтап кеткен, яғни қазір олар туынды етістіктер мен есімше сөздер жасаушы қосымшалар емес, сан есімдерге болжалдық мән беретін үстеу дәрежесіне жеткен.



Болжалдық мағына тілімізде сан есім сөздер мен **астам, жуық, қаралы, тарта, таяу, шақты** сөздерінің тіркесе қолданылуы арқылы жасалған. **Мысалы:** *Сол кезде оның үйінде жүз елудей қой, жиырмадан астам жылқы бар. (Мұқанов)*







Бөлшектік сан есімдер

Қазіргі қазақ тіліндегі бөлшектік сан есімдер белгілі бір заттар мен құбылыстардың бөлшектік үлесін, бөлшегін білдіреді.


Мысалы: *Қарыңға Балуан-Шолақтың сыбағасын басқа байтал етінің үштен бірі сиып кетті. (Мұқанов) Шекарадан тек төрттің бірі ғана өтті. (Шашикин)*






Бөлшектік сан есімдер, негізінде, таза математикалық ұғымдарға байланысты пайда болған да, тіркестегі сан есімдердің алғы компоненттеріне шығыс септік жалғаулары мен ілік септік жалғауларының үстемеленуі және соңғы компоненттеріне үшінші жақ тәуелдік жалғауларының қосылып айтылуы арқылы жасалады.

Мысалы: *Мәліметке қарағанда барлық шиқанның үштен бірі асқынатын көрінеді. (Оразақов) Еділ өзенінің бойында Совет Одағы халықтарының төрттен бірі тұрады. (Кәкімжанов)*





Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 445 б.
 2. «Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология». – Алматы, 1967.
 3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1992.
 4. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат, 1996.
 5. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері: оқу құралы. – Алматы: Өлке баспасы, 2010. – 240 бет.
- 



Назарларыңызға рақмет!